

Түркияға жұмыс сапарымен барған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Анталия дипломатиялық форумының «Mapping Tomorrow, Managing Uncertainties» панелдік сессиясына қатысты. Іс-шараны Түркия Парламентінің депутаты, бұрынғы сыртқы істер министрі Мевлют Чавушоглы жүргізді.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Режеп Тайип Ердоғанның басшылығымен халықаралық аренадағы беделін арттырып келе жатқанын айрықша атап өтті.

– Ең алдымен, көреген көшбасшы Режеп Тайип Ердоғанның жетекшілігімен Түркияның осы аймақта зор рөл атқаратынын айтқым келеді. Өңір әлсін-әлсін бетпе-бет келіп отырған өзекті мәселелердің шешімін табуға елдеріміз айтарлықтай атсалыса алады деп ойлаймын. Орайлы сәтті пайдалана отырып, Президент Ердоғанның келесі айда Қазақстанға жасайтын мемлекеттік сапарына ерекше мән беріп отырғанымызды жеткізгім келеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Содан кейін Қазақстан Президенті биыл әлемдік қоғамдастық алдында тұрған және жақын перспективадағы халықаралық күн тәртібін қалыптастыратын негізгі сын-қатерлер мен үрдістер жөніндегі ой-пікірімен бөлісті.

– Дипломаттар мен саясаткерлер адамзат жолайрықта тұр дегенді мысал етеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының бұрынғы Бас хатшысы Кофи Аннанның: «Біз әлі де жолайрықта тұрмыз» деп жні айтатыны есімде. Халықаралық шиеленісті азайтуға қатысты айтар болсақ, бұл жағдай ешқашан өзгермейді. Қазіргі қақтығыстар өңірлік ауқымнан шығып, жаһандық сипатқа ие болды. Әрине, БҰҰ – баламасы жоқ әмбебап ұйым, сондықтан әрбір мемлекетке белгілі бір жауапкершілік жүктеледі. Біріккен Ұлттар Ұйымына қолдау көрсету керек екенін жұрттың бәрі айтады. Бұл – факт. Бірақ Ұйымға қолдау көрсетіп қана қоймай, оған реформа жасау керек. Бұл да шындық. Ашығын айтқан жөн, «Ұйымға тез арада реформа жасалады» дегенге ешкім сенбейді. Өйткені БҰҰ-ны реформалау, өзгерту, қызметін қайта қарау мәселесін көптен бері көтеріп жүрміз. Одан ешқандай нәтиже шыққан жоқ. Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау, ең алдымен, Қауіпсіздік Кеңесінен басталуы керек екенін мойындауымыз қажет, – деді Мемлекет басшысы. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі көшбасшылардың бойынан табылуға тиіс қасиеттерге тоқталды.

– Жаһандық көшбасшылар, әлемнің әр киырындағы жекелеген мемлекеттердің жетекшілері, ең алдымен, халықаралық қауіпсіздік пен бейбітшілік мәселелеріне жауапкершілікпен қарауы қажет деп санаймын. Қазіргі сәтте стратегиялық ұстамдылық өте маңызды. Менің ойымша, бүгінгі күрделі әрі қарама-қайшылыққа толы әлемдегі шиеленістердің түйінін тарқату аса қиын емес. Жай ғана жауапкершілік танытып, сабырлы болу қажет, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Таяу Шығыстағы ахуалға қатысты пікірін жеткізді. Президент келіссөздер барысында басты мәселелерге ден қою керек деп санайды.

– Әлемде орын алған жағдайларға байыппен қарауға кеңес берер едім. Мәселен, бәрі Иранды талқылап жатыр. Әрине, бұл елдегі ахуал өте күрделі. Оған қатысты



Қасым-Жомарт Тоқаев:

ЖАҒАНДЫҚ ҰЙЫМДЫ ТҮБЕГЕЙЛІ РЕФОРМАЛАУ — УАҚЫТ ТАЛАБЫ



қандай да бір пікір айту қиын. Қазақстан Шығанақтағы елдерге тілектестігін білдірді. Біз тараптарды стратегиялық ұстамдылыққа және әскери іс-қимылды тоқтатуға шақырдық. Бұл қақтығыстың ауыр салдарын бәрі сезінді. Ең әуелі экономика құлдырады. Бүгінде Ормуз бұғазында кемелердің еркін жүзуіне қойылған тосқауыл туралы айтылып жатыр. Бірақ дәліздің қақтығысқа дейін еркін сауда жасауға ашық болғанын ескеру қажет. Сондықтан мәселенің мәніне үңілгеніміз жөн.

Ал түйткіл ядролық технология мен ядролық қарудың таралуында еді. Бұл Иран төңірегіндегі қақтығысқа қатысты келіссөздердің басты тақырыбына айналуы керек. Бірақ қазір жаһандық сауда мәселесін талқылауға көшіп кеттік. Қиындықтарға қарамастан, ғаламдық сауда-саттық көлемі өсіп келеді. Былтырдың өзінде өсім 2,5 пайызды құрады.

[Жалғасы 2-ші бетте.](#)

■ Аудан тынысы

БИЛЕР АЛҚАСЫ БАС ҚОСТЫ

Ағымдағы жылдың 17 сәуірінде аудан орталығы Ақмол ауылындағы Мәдениет үйінде аудандық Билер алқасының кеңейтілген отырысы өтті.

Бұл маңызды жиын — ұлттық құндылықтар мен дала даналығының сабақтастығын айшықтаған тағылымды

басқосу болды. Іс-шараға аудан әкімі Дарын Сабырғалиұлы және Ақмола облысының бас биі Дахан Шогширұлы қатысып, билер институтының қоғамдағы рөліне ерекше тоқталды.

Аудан әкімі өз сөзінде Билер алқасының бірлік пен татулықты нығайтудағы еңбегін атап өтіп, алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі. Сондай-ақ, аудан көлемінде ел игілігі жолында белсенді еңбек етіп жүрген бірқатар аға билер «Алғашқы би» және «Ақмола билер алқасы» төсбелгілерімен марапатталып, олардың еңбегіне лайықты құрмет көрсетілді.

Өз кезегінде облыстың бас биі Дахан Шогширұлы атқарылған жұмыстарға жоғары баға беріп, билер алқасының қызметін одан әрі жетілдіру бағытында нақты ұсыныстарын ортаға салды.



Жиын барысында қатысушылар ашық пікір алмасып, өзекті мәселелерді көтеріп, аудан әкіміне сауалдарын қойып, тұщымды жауаптар алды. Бұл — халық пен билік арасындағы сенімді диалогтың айқын көрінісі болды.

Көркемөнерпаздарының әсерлі концерттік бағдарламасымен қорытындыланды.

Дәстүр мен тағылым тоғысқан бұл басқосу — ел бірлігін бекемдей түсетін маңызды қадам!

Т. САНСЫЗБАЙҰЛЫ.

Кездесу Мәдениет үйі Ақмол.



■ Президент

Қасым-Жомарт Тоқаев:**ЖАҒАНДЫҚ ҰЙЫМДЫ ТҮБЕГЕЙЛІ
РЕФОРМАЛАУ — УАҚЫТ ТАЛАБЫ****Жалғасы. Басы 1-ші бетте.**

Яғни әлемдік саудадағы жағдай жаман емес. Алайда сауда-саттықтың сапасы мен мазмұны – үлкен проблема, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау мәселесіне жауапкершілікпен қарауға шақырды. Сонымен қатар Қауіпсіздік Кеңесі тұрақты мүшелерінің ұстанымын Ұйымдағы дағдарыстың басты себептерінің бірі ретінде атады.

– Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау туралы айтқанда, барынша прагматикалық көзқарас ұстануымыз керек деп санаймын. Әйтпесе, алдағы уақытта да жолайрық, стратегиялық құндылықтар мен басқа мәселелер жайында айта береміз. Біз жаһандық, өңірлік кездесулер, конференциялар мен түрлі жиындар өткіземіз. Қазақстан және Түркия сияқты орта державалардың маңызы мен оң ықпалын атап өткім келеді. Әрине, әлемде бізге ешкім тең келмейді деп мақтанудан аулақпын. Бірақ жаһандық үдерістерде жоғары деңгейде жауапкершілік танытып жүрміз. Мұны дипломатиялық іс-әрекетіміз көрсетіп отыр. Сондықтан жаһандық мәселелердің шешіміне жиі қарсы келетін Қауіпсіздік Кеңесіндегі ірі державалардан гөрі орта державалардың жауапкершілігі жоғары десек, артық болмайды, – деді Мемлекет басшысы.

Келесі сұрақты қояр алдында Мевлют Чавушоғлы Қасым-Жомарт Тоқаевтың дипломатиядағы тәжірибесінің мол екеніне назар аударды.

– Президент Тоқаев – халықаралық жүйені, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымын өте жақсы білетін әлемдік көшбасшылардың бірі. Ол БҰҰ Бас хатшысының орынбасары лауазымында қызмет еткенін білесіздер. Сол уақытта мен Еуропа Кеңесі Парламенттік ассамблеясының төрағасы болдым. Қасым-Жомарт Тоқаев бауырлас Қазақстан халқының игілігі жолында аянбай еңбек ете жүріп, халықаралық жүйенің тиімділігін барынша арттыруға үлес қосып келеді, – деді модератор.

Мемлекет басшысы БҰҰ мен басқа да халықаралық институттарды жетілдіру жөніндегі ойымен бөлісті.

– Біз өңірлік және жаһандық қақтығыстарды талқылаймыз. Алайда Сіз Түркияның бұрынғы сыртқы істер министрі ретінде келіссөздер БҰҰ мен басқа да ірі халықаралық ұйымдар алаңында емес, одан тысқары жерлерде өтіп жатқанын аңғарған шығарсыз. Тараптар БҰҰ-да емес, белгілі бір елдердің астаналарында, жекелеген конференц-залдарда кездеседі. БҰҰ жоғары өкілдерінің қақтығыстарға арағайындық жасағанын көре бермейміз. Бұл ойланып отырған мәселе. Демек БҰҰ-ның рөлі төмендеп кетті деген сөз. Мен оған қатты алаңдаймын. Өйткені өзім де БҰҰ мен басқа да халықаралық ұйымдарда қызмет еттім. Қазір жұрт келесі БҰҰ Бас хатшысы кім болады деген тақырыпты талқылап жатыр. Менің ойымша, бұл аса маңызды емес. Ең басты түйткіл, ұйым қазіргі күйінде әрі қарай қызметін жалғастыра ала ма? – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллектінің халықаралық ұйымдар қызметіне ықпалын зерделеуге шақырып, жаһандық Ұйымды түбегейлі реформалау қажет екеніне тоқталды.

– Әлгінде айтқанымдай, өте өзекті халықаралық мәселелердің шешілуіне Қауіпсіздік Кеңесінің өзі кедергі келтіріп отыр. Бұл оғаш, бәлкім, ақылға сыймайтын жағдай. Адамдар, дипломаттар мен саясаткерлер басқа алаңдарда келіссөз жүргізуге мәжбүр. Айтпақшы, бұл проблеманы былтыр қыркүйек айында өткен БҰҰ Бас ассамблеясының кезекті сессиясында Президент Дональд Трамп дәл сипаттады. Мен онымен толық келісемін. Ол БҰҰ штаб-пәтеріндегі бұзылған телесуфлер мен эскалаторды сынға алып, «БҰҰ-да бәрі істен шыққан!» деді. Алайда ең маңызды мәселе – Біріккен Ұлттар Ұйымында және басқа да халықаралық құрылымдарда бейбітшілікті сақтау үдерісі тоқырап тұр. Мен – көпжақты дипломатияның жақтаушысымын. Бейбітшілікке бастайтын әділдік идеясының төңірегіне топтасқан адамзаттың жарқын болашағына әлі де сенемін, – деді Мемлекет басшысы.

сы.

Президенттің пікірінше, БҰҰ-ға уақыт талабына сай келмейтін идеялар мен ұстанымдардан арылу қажет.

– Аталған Ұйымның негізі 80 жыл бұрын қаланды. Кейбір адамдар ұйым әбден ескірді, құлдырап бара жатыр деген пікір айтады. Келісуге тура келеді. Бізге БҰҰ Жарғысына мұқият мән берген жөн. Жарғыда «дұшпан мемлекеттер» деген ұғым бар. Рас, 80 жыл бұрын бәрі түсінікті еді. Ал қазір әлгі «жау елдер» Ұйымды қаржыландыру және бейбітшілікті қолдау ісінде маңызды рөл атқарып отыр. Ең бастысы – БҰҰ-ның беделін көтеріп, тиімділігін арттыру, – деді ол.

Содан соң Қасым-Жомарт Тоқаев превентивті дипломатияның қақтығыстарды тоқтатуда өте өзекті екеніне мән берді.

– Бұл тақырып бұрыннан талқыланып келеді, кемінде 30 жыл болды. Бірақ өзгерген ештеңе жоқ. Жағдай ділмәр сөз, декларация күйінде қалып жатыр. Өңірлік және жаһандық шиеленістерді болжауға баса мән берген жөн деп ойлаймын. Превентивті дипломатия дегеніміз – осы. Сонымен қатар біз көпжақты тиімді дипломатияға қолдау көрсету үшін күш-жігерімізді біріктіру керек, – деді Қазақстан Президенті.

Солтүстік Македония Президенті Гордана Силиановска-Давкова Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ өз жұмысында превентивті дипломатияға баса назар аудару керек деген пікіріне қолдау білдірді.

– Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Еуропа Одағы әу баста әлемде бейбітшілік орнату үшін құрылған. Дегенмен екі құрылым да соғыспен бетпе-бет келіп, сәтсіздікке ұшырады. Неліктен бұлай болды? Өйткені превентивті дипломатия жоқ. Тоқаев мырза превентивті және проактивті дипломатия жайында айтты. Саяси шешімдер қабылдауда бізге осындай оң үлгі жетпей тұр, – деді Солтүстік Македония Президенті.

Сондай-ақ панелдік пікірталасқа Грузия Премьер-министрі Ираклий Кобахидзе қатысты.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ЖАСТАР ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ ҮШІН



Уақыттың ағымына сай өзгерістер жаңа қалыпқа айналған кезеңде, бір шындық айқын сезіледі: құқықтық мәдениеттің берік іргетасынсыз әділетті әрі тұрақты қоғам құру мүмкін емес. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру мәселесі бүгінде формальды ұран емес, дәл қазір жауап беруді талап ететін маңызды міндетке айналды. Ал жастар — ертеңгі күннің тынысын айқындайтын мықты күш, сол болашақтың жүрек соғысы.

Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы профилактика аясында Целиноград ауданында өткен «Заң мен Тәртіп: өз білімді тексер» викторинасы жай ғана іс-шара емес, ол диалог пен шабыттың нақты кеңістігіне айналды. «Qoldau event» жеке қоры ішкі саясат бөлімінің әлеуметтік тапсырысы аясында ұйымдастырған шара мемлекет пен қоғамның күш-жігерін біріктіру мазмұны мен болашағына толы бастамаларды қалай тудыратынын көрсетті.

Бұл күні білім құрғақ қағида болудан шығып, таңдау жасау құралына айналды. Қатысушылардың көзінен қызығушылық, жауаптарынан сенімділік байқалды, ал жалпы атмосферада ерекше үйлескен жігер мен саналылық сезілді. Бұл тек викторина емес, бұл құндылықтар туралы терең әңгіме болды. Әрбір сұрақ тек білімді емес, ішкі ұстанымды да сынағандай әсер қалдырды. Зияткерлік сайыстың

қорытындысы осы мазмұнды диалогтың жарқын көрінісі болып, әр команда лайықты орынды иеленді

I орын — «Жұлдыз» командасы

II орын — «Yes/No» командасы

III орын — «Заң күші» командасы

Жеңіс — әрқашан қуаныш, еңбектің лайықты бағалануы, ерекше сәт. Ақшалай сертификаттар осы жетістіктің символына айналды. Бірақ ең бастысы — өлшеуге келмейтін құндылықтар: өз біліміне деген сенім, маңызды іске қатыстылық сезімі және алға қарай адал, ашық, заң жолымен жүруге деген ұмтылыс.

Мұндай бастамалар — күнтізбедегі жай ғана шара емес. Бұл адалдықты тірек, заңды бағдар ететін мәдениетті қалыптастыруға бағытталған үнсіз, бірақ қуатты жұмыс. Бұл — қорқыныштан емес, түсініктен туындайтын шешімдерге негіз болатын болашаққа салынған инвестиция.

Бүгінгі жастар ертең қоғамды қалыптастыратын, шешім қабылдайтын, бағыт айқындайтын буын. Егер бүгін олардың жүрегінде заңға деген құрметтің шырағы жанса, ертең ол дұрыс жолдан тайдырмайтын жарыққа айналады. Заң мен Тәртіп — бұл тек қағаздағы талап емес. Бұл — ішкі тәртіп, саналы таңдау, өмір салты. Осындай мазмұнды кездесулер мен шынайы диалогтар көбейген сайын, әділеттілік арман емес, ақиқатқа айналатын қоғамға бір қадам жақындай түсеміз.

Жақсылық үшін жүгірі!

Қайырымдылық жүгіру «Көмек марафоны»



Целиноград ауданының тұрғындары мен жүгіріс әуесқойларын "Көмек марафоны" қайырымдылық жүгірісіне шақырамыз!

24 сәуір күні сағат 15:00-де Ақмол ауылының орталық стадионында «Көмек марафоны» атты қайырымдылық жүгіру шарасы өтеді.

Бұл жай ғана спорттық шара емес - бұл нақты көмекке мұқтаж жандарға үміт сыйлайтын, жақсылыққа айналатын әрбір қадам. Әрбір шақырым, әрбір қатысушы - игі іске қосылған үлес.

- * Өзіңіз келіңіз
- * Достарыңыз бен әріптестеріңізді ертіп келіңіз
- * Көмекке мұқтаж жандар үшін жүгіріңіз
- * Ақмол ауылы, стадион
- * 24 сәуір
- * 15:00

Бір жүгіру. Бір мақсат. Мыңдаған мейірімді жүрек.

Аудандық Ішкі саясат бөлімі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ 2025 ЖЫЛ ҚЫЗМЕТ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ

2025 жыл қорытындылары бойынша Департамент 93 аудиторлық ісшара жүргізді, соның нәтижесінде қаржылық есептілік аудитін және мемлекеттік сатып алуларды есепке ала отырып, жалпы сомасы 192 млрд. 539 млн теңге болатын бұзушылықтар анықталды, оның ішінде:

- 3 млрд. 309 млн теңге сомасында қаржылық бұзушылықтар;
- 189 млрд. 234 млн теңге сомасында рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу 1 млрд. 924 млн теңгеге.

Бюджет заңнамасының талаптарына сәйкес белгіленген қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасынан жалпы сомасы 3 млрд. 309 млн. теңге қалпына келтіруге, есепке алуға және бюджетке өтеуге жатады, оның ішінде 1 млрд. 851 млн. теңге немесе 55,9% сомасында бұзушылықтар жойылды.

Есептік кезеңдегі аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша тексерілетін субъектілерге бұзушылықтарды жою бойынша 83 нұсқау жолданды (бүгінгі таңда олардың 55-і орындалды).

Жол берілген бұзушылықтар үшін 73 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды, әкімшілік құқық бұзушылық туралы 605 хаттама жасалып, жалпы сомасы 54 млн теңге айыппұл салынып толығымен бюджетке өтелді.

ҚР ҚМ ІМАК Ақмола облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті.



Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындар күніне орай ұйымдастырылған «Мәдени мұраны бірге сақтайық» республикалық акциясы аясында Целиноград ауданында «Таза Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде ауқымды сенбілік өткізілді.

Аталған іс-шара тек практикалық қана емес, сонымен қатар символдық мәнге ие болып, абаттандыру, тарихи-мәдени мұраны сақтау және халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру мәселелерін біріктірді.

Кейбір оқиғалар күнтізбедегі жай ғана дата болып қалмай, жүйелі мәнге ие болады. Целиноград ауданында өткен ауқымды сенбілік – соның айқын дәлелі. Бұл — азаматтық жауапкершілікті нығайту мен қоршаған ортаға және тарихи нысандарға ұқыпты қарауды қалыптастыру бағытындағы дәйекті жұмыстың көрінісі.

Өткізілген іс-шаралар халықтың жоғары деңгейдегі белсенділігін және мемлекеттік экологиялық саясатқа қолдауын көрсетті. Бұл абаттандыру, аумақтардың санитарлық жағдайын сақтау және мәдени мұраны қорғау мәселелерінің маңыздылығын терең түсінудің қалыптасқанын, сондай-ақ тұрғындардың жергілікті маңызы бар міндеттерді шешуге іс жүзінде қатысуға дайын екенін айқындайды.

Жұмыстарды ұйымдастыру тиімділік пен ресурстарды ұтымды пайдалану қағидағарына негізделді. Көшелер, қоғамдық орындар, іргелес аумақтар, сондай-ақ тарихи-мәдени маңызы бар нысандар тазартылды. Бұл өз кезегінде елді мекендердің санитарлық жағдайын айтарлықтай жақсартуға және олардың көркін арттыруға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, мұндай бастамалардың негізгі нәтижесі

ИГІ ІСТЕР ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ



тек сандық көрсеткіштермен шектелмейді. Ең бастысы — тұрақты мінез-құлық дағдыларының қалыптасуы. «Таза Қазақстан» бағдарламасы экологиялық сананы дамытуға, қоршаған ортаға және тарихи-мәдени мұраға ұқыпты қарауға, сондай-ақ халықтың құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған тиімді құрал болып табылады.

Айта кету қажет, аумақтарды абаттандыру және санитарлық талаптарды сақтау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес азаматтар мен заңды тұлғалардың міндеті болып табылады. Оған ат салысу құқықбұзушылықтардың алдын алуға, қоғамдық тәртіпті нығайтуға және экология мен мәдени құндылықтарды сақтауға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыруға ықпал етеді.

Сенбіліктерді өткізу тәжірибесі қоғам мен мемлекеттің күш-жігерін біріктірудің тиімділігін дәлелдейді. Мұндай іс-шаралар бір реттік емес, жүйелі сипатқа ие болып, өзара іс-қимылдың тұрақты моделін қалыптастырады және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етеді.

Осы орайда барлық қатысушыларға белсенділік танытып, игі іске жауапкершілікпен атсалысқандары үшін алғысымызды білдіреміз. Аткарылған жұмыс — бірлескен күш-жігердің нақты оң нәтижелерге қол жеткізе алатынын және аумақтардың орнықты дамуына бағыт-бағдар бере алатынын айқын көрсетеді.

Әлия ӘПСАТҚЫЗЫ,
Жастар орталығының маманы.

Ақмол.

■ Қазақы аңыздар



БАБАЛАР СӨЗІ — ДАНАЛЫҚ КӨЗІ

- Елді кім, үйді кім бүлдіреді? - деп сұрапты қарт немересінен.

- Ата, елді өсекші бүлдіреді, үйді ақылсыз бала бүлдіреді.

- Жоқ, балам, олай емес! Есінде болсын, ақылсыз басшы елді бүлдіреді, ақылсыз әйел үйді бүлдіреді.

Әкім — ақылсыз болса — ел тозады, өсек әкімді өсірмейді. Өсекті тыңдау — әкімге жараспайды, өсиетті тыңдамау тактағы ханға жараспайды, - депті қария.

- Үйдегі алтын қазық кім? - депті қарт.

- Ата, үйдегі алтын қазық ер жігіт, - депті немересі.

- Жоқ балам, үйдегі алтын қазық — ана. Ана ақылды болса, бала дана болады. Ана тәрбиесі қызға үлгі, әке тәрбиесі ұлға үлгі. Ана ақылшың, әке қамқоршың, аға қорғаушың, інің сүйенішің, қарындасың қанатың екенін ұмытпа. Ананы сыйламағанның ақылы кем, әкені сыйламағанның жақыны кем. Ананың мейірімі көзінде, ықыласы көңілінде, ақылы сөзінде, - дейді қарт.

- Өмір сүру үшін не қажет? - депті қарт.

- Ата, өмір сүру үшін алтын, ақша, нан, мал қажет, - депті бала.

- Жоқ балам, адамның өмір сүруі үшін су, от, тұз, қыз, ақыл қажет. Су тіршіліктің нәрін береді, от өмірдің сәнін береді, тұз астың дәмін келтіреді, қыз көңілдің сәнін келтіреді, ақыл өмірдің мәнін береді. Адам ақылмен ағайынды табады, ақылсыз адам ағайыннан безеді, - депті қарт.

- Шындықты не бұзады? - депті қарт.

- Ата, шындықты тіл бұзады, - депті.

- Дұрыс, балам, шындықты тіл бұзса, өкініші көбейеді, не өсек көбейеді. Шындықты білу қиын, айтылған сөзді тоқтату қиын. Адал адам шындықты білсе, өсек қылады. Өсек ерді бұзады. Өсекті көп айтқан шындықты білмейді, шындықты білген өсекшіге ере бермейді. Өмірде шындықты өсек бұзады, - депті қарт.

- Адамға ақыл беретін кімдер? - депті қарт.

- Ана тілі ғой ақыл беретін, - депті немересі.

- Жоқ балам, ана тілі ойды өсіреді. Адамға ақыл беретін ата-ана, ұстаз, досы екенін ұмытпа. Ата-ана ақылмен баласы мен қызына айтады, ұстаз шәкіртіне айтады. Жақсы ақыл адамды тез есейтеді. Адамға ақыл беретін адал дос. Адал дос ақылшың, ақылшы дос — жақының. Досы көптің табысы көп, табысы көптің жақыны көп. Достықтың көзі ақылдан басталады, - дейді қарт сонда.

- Адамның ақылы қайда? - депті қарт.

- Адамның ақылы тілінде, ата, - депті жігіт.

- Жоқ балам, тіл ақылдың айнасы, ақыл істің пайдасы. Есінде болсын, ханның ақылы тағында, әкімнің ақылы жанында, ғалымның ақылы басында, ананың ақылы жасында, жігіттің ақылы жақсылығында, ақымақтың ақылы кім көрінгеннің қалтасында, - депті қарт.

- Достықты нығайтатын не? - депті қарт.

- Ата достық пен жолдастықты ынтымақ, бірлік, теңдік, туыстық, бауырмалдық нығайтады.

- Дұрыс, балам, сенің айтқаның достық пен жолдастықты дамытады. Есінде болсын, шын достың ақылдыға тән екенін ұмытпа. Өмірде дос болуды ойласаң “Сәлеметсіз бе, кешіріңіз, рахмет, сау болыңыз, сәлем айтыңыз, рұхсат па?” дегенді үйрен. Сәлемдесуді білген кешіре де біледі, кешіре білген рахмет те айта біледі. Жөн сөз көңілінді өсіреді, жөнсіз сөз өмірінді өшіреді, - депті қарт өз ойын қосып.

«Бабалар сөзі — тәрбие көзі» деп дана халқымыз бекер айтпаған ғой. Сондықтан, әрбір тәрбиелі, иманды, ибалы ұл-қыздарымыз қарияларға жақын болып, ол кісілердің өмірлік қазыналарынан өнегелі жолдарын үйреніп, ақылдарына құлақ аса білуі керек. Қариясын сыйлаған, ақылына тоқтаған ұрпақ ешқашан жаман болмайды.

Б. ЖАНӘДІЛОВ.

Хабарландыру

«Stone resources» ЖШС келесі мәселелер бойынша ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді:

1. Ақмола облысы Целиноград ауданында орналасқан Жомарт кен орнында құрылыс тасын өндіруге арналған тау-кен жұмыстары жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы, сондай-ақ Ақмола облысы Целиноград ауданындағы Жомарт кен орнында жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою жоспарын әзірлеу үшін міндеттерді айқындау, нұсканы, іс-шараларды және жоюды орындау критерийлерін таңдау мақсатында.

Тыңдаулар осы мекенжайда өткізіледі:

* 03.06.2026 ж. сағат 15:00-де, Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Жібек жолы ауылдық округі, Жалтыркөл ауылы, мектеп ғимаратында;

2. Ақмола облысы Целиноград ауданында орналасқан Жомарт кен орнында құрылыс тасын өндіруге арналған тау-кен жұмыстары жоспарына әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар.

Тыңдаулар осы мекенжайда өткізіледі:

* 03.06.2026 ж. сағат 17:00 - де, Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Жібек жолы ауылдық округі, Жалтыркөл ауылы, мектеп ғимаратында.

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін. Төтенше жағдай режимі немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар Zoom платформасында бейнеконференция форматында өтеді. Zoom сілтемесі:

<https://us06web.zoom.us/j/8545882756?pwd=Ykw15qZ10BfsFcPKvbPpOJR3mUmbOH.1&omn=81653036473>

Конференция идентификаторы: 854 588 2756

Кіру коды: Gr93D4

Бастамашы: «Stone resources» ЖШС, мекенжайы: 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 28-үй, 28-пәтер. БСН: 210740000937 Директоры Жакей Қ.Б.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: NAZ ЖК, Қазақстан Республикасы, Көкшетау қ., Орталық шағын ауданы, 50а/153, тел.: 87017503822.

Жергілікті атқарушы орган: «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: 8(7162)402807.

Жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> платформасында және ЖАО-ның www.upr.akmo.gov.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/activities/directions?lang=ru> сайтында орналастырылған.

Жоспарланып отырған қызмет туралы ақпарат алуға және құжаттардың көшірмесімен танысуға болатын байланыс деректері: ogazalinova@list.ru, +77017503822.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары мына мекенжай бойынша қабылданады: urg.expertiza@mail.ru.

Жоспарланып отырған қызметтің орналасу координаттары:

1 — 50°55'40.63" с.е., 71°43'11.68" ш.б.;

2 — 50°55'46.46" с.е., 71°43'26.85" ш.б.;

3 — 50°55'33.09" с.е., 71°43'39.20" ш.б.;

4 — 50°55'27.25" с.е., 71°43'24.01" ш.б.

Әсер ету аумағының орналасу координаттары: 50°59'7.25"С, 71°50'36.73"В.

«Байтас Строй» ЖШС Ақмола облысының Целиноград ауданында орналасқан Байтас кен орнында сазды жыныстарды (саздақ) және құм-қиыршық тас қоспасын өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына «Ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Әкімшілік-аумақтық бірлік, оның географиялық координаттары, оның аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін болады: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Нуресиль а.о. (Воздвиженский), Нуресиль а. (Воздвиженка) (51.213482 С. Е., 71.115893 Ш. Б.).

Тыңдаулар өтеді: 05.06.2026 ж. сағат 10.30-де Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Нуресиль а. о (Воздвиженский), Нуресиль а. (Воздвиженка), Кажымукан көшесі 2А (клуб ғимараты) мекенжайы бойынша.

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық

тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін. Тыңдаулар гибриді форматта өткізіледі, қатысу үшін мына мекен-жайға келу немесе ZOOM Meeting Cloud қосымшасын жүктеу қажет. Конференцияны сәйкестендіру: 413 945 6516; кіру коды: 777

Бастамашы — «Байтас Строй» ЖШС БСН: 211240004134, Қазақстан, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Тәшенов көшесі 17/1 пәтер 7, тел.: 87780010348, e-mail: baitasstroy@gmail.com

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші «АЛАИТ» ЖШС, БСН: 100540015046, Көкшетау қ., ш / а. Васильковский 4Г, 2 қабат, тел.: 8 (707) 156-44-71, e-mail: alait2030@gmail.com.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттармен <https://ndbecology.gov.kz/> және «Ақмола облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/contacts?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Жоспарланып отырған қызмет туралы, қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ жоспарланып отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін e-mail: alait2030@gmail.com және тел.: 8 (707) 156-44-71 бойынша сұратуға болады.

Жобалық материалдар бойынша ескертулерді, ұсыныстарды Бірыңғай экологиялық порталға <https://ndbecology.gov.kz/> және «Ақмола облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Көкшетау қ., Абай к-сі 89, тел.: 8 (7162) 401403, электрондық мекен-жайына: urg.expertiza@mail.ru жіберуге болады.

«Байтас Строй» ЖШС Ақмола облысының Целиноград ауданында орналасқан Байтас кен орнында сазды жыныстарды (саздақ) және құм-қиыршық тас қоспасын өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына ашық жиналыс нысанында экологиялық бөлімдермен қоғамдық тыңдаулар өткізеді: Эмиссиялар нормативтерінің жобасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары.

Әкімшілік-аумақтық бірлік, оның географиялық координаттары, оның аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін болады: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Нуресиль а.о. (Воздвиженский), Нуресиль а. (Воздвиженка) (51.213482 С. Е., 71.115893 Ш. Б.).

Тыңдаулар өтеді: 05.06.2026 ж. сағат 12.00-де Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Нуресиль а. о (Воздвиженский), Нуресиль а. (Воздвиженка), Кажымукан көшесі 2А (клуб ғимараты) мекенжайы бойынша.

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Тыңдаулар гибриді форматта өткізіледі, қатысу үшін мына мекен-жайға келу немесе ZOOM Meeting Cloud қосымшасын жүктеу қажет. Конференцияны сәйкестендіру: 413 945 6516; кіру коды: 777

Бастамашы — «Байтас Строй» ЖШС БСН: 211240004134, Қазақстан, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Тәшенов көшесі 17/1 пәтер 7, тел.: 87780010348, e-mail: baitasstroy@gmail.com

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші «АЛАИТ» ЖШС, БСН: 100540015046, Көкшетау қ., ш / а. Васильковский 4Г, 2 қабат, тел.: 8 (707) 156-44-71, e-mail: alait2030@gmail.com.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттармен <https://ndbecology.gov.kz/> және «Ақмола облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/contacts?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Жоспарланып отырған қызмет туралы, қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ жоспарланып отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін e-mail: alait2030@gmail.com және тел.: 8 (707) 156-44-71 бойынша сұратуға болады.

Жобалық материалдар бойынша ескертулерді, ұсыныстарды Бірыңғай экологиялық порталға <https://ndbecology.gov.kz/> және «Ақмола облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Көкшетау қ., Абай к-сі 89, тел.: 8 (7162) 401403, электрондық мекен-жайына: urg.expertiza@mail.ru жіберуге болады.

Esil-Nura

Бас редактор
Ж. С. ТҮГЕЛБАЕВ

Меншік иесі:
«Перне» ЖШС
(Ақмола облысы
Целиноград
ауданы)

Газет редакцияның компьютерлік цехында теріліп, беттеледі.
«Астана Интер-Трейдинг» ЖШС (Астана қаласы, Жұбанов к-сі, 24/1) баспаханасында басылып шығарылды.
Мерзімдік баспасөз басылым, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы N 16264-Г Күзегіні 2016 жылы 23 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Таралымы — 1000 дана. Тапсырыс-наряд N 76.
Индекс 65821. Газет бейсенбі күні шығады. Көлемі 1 баспа табақ.

Редакция әрбір автордың пікірінмен келісе бермейді. Келтірілген деректерге, сондай-ақ хабарландырулар мен жарнамаларға — берген кісілер жауапты.



Ақмол ауылы Гагарин көшесі, 2
8(716-51) 30-537

e-mail: vestiakmola@mail.ru

Сайт: vestiakmola.kz



■ Президент

В рамках рабочего визита в Турцию Глава государства принял участие в официальной церемонии открытия Анталийского дипломатического форума.

В ходе торжественного мероприятия выступил Президент Турецкой Республики Реджеп Тайип Эрдоган.

На форуме Касым-Жомарт Токаев также выступил в качестве спикера панельной сессии «Mapping Tomorrow, Managing Uncertainties». Модератором мероприятия был депутат Парламента Турции, бывший министр иностранных дел Мевлют Чавушоглу.



МИРУ НУЖНЫ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ И ДИАЛОГ

Президент Касым-Жомарт Токаев выступил на Анталийском дипломатическом форуме

В начале своего выступления Глава государства особо отметил роль Президента Реджепа Тайипа Эрдогана, под руководством которого Турция укрепляет свои позиции в качестве авторитетного участника международных отношений.

– Прежде всего, я хотел бы отметить ведущую роль, которую играет в этой части мира Турция под руководством выдающегося лидера Реджепа Тайипа Эрдогана. Считаю, что наши страны могут сыграть очень позитивную, я бы сказал, значительную роль в решении наиболее острых проблем, которые, к сожалению, периодически возникают в нашем регионе. Пользуясь случаем, хотел бы отметить, мы с нетерпением ожидаем приезд Президента Эрдогана с государственным визитом в Казахстан в следующем месяце, – сказал Касым-Жомарт Токаев.

Затем Президент Казахстана поделился своим видением основных тенденций и вызовов, стоящих перед мировым сообществом в 2026 году и формирующих международную повестку на ближайшую перспективу.

– Дипломаты, политики привыкли говорить, что все человечество находится на перепутье. Я помню, как бывший Генеральный секретарь ООН Кофи Аннан часто повторял: «Да, мы по-прежнему находимся на перепутье».

[Продолжение на 2-стр.](#)



ОБЛАСТНОЙ КОНКУРС НАРОДНОГО ТВОРЧЕСТВА

В районном Доме культуры аула Акмол состоялся гала-концерт областного конкурса самодеятельного народного творчества «Өнер – халық қазынасы», приуроченный к 35-летию Независимости Республики Казахстан.

Масштабное культурное событие объединило 4 250 участников со всего района. В конкурсе приняли активное участие творческие коллективы и жители всех сельских округов, представители учреждений образования и здравоохранения, а также субъекты бизнеса, включая АО «Акмол – Феникс» и ТОО «Агрофирма «Родина». Значительный вклад внесли коллективы и воспитанники организаций дополнительного образования.

На сцене гала-концерта свое мастерство продемонстрировали 37 лучших творческих коллективов, прошедших конкурсный отбор. Программа отличалась жанровым разнообразием и высоким исполнительским уровнем.

Особенностью нынешнего конкурса стало участие традиционных певцов, которые впервые представили свое искусство широкой публике: Ерлан Ыбырайхан, Айдын Мәдет, Монь Анель, Үсенбек Қамидә, Қуаныш Назым, Батан Олжас. Эстрадное направление достойно представили Кәдірбек Жанарбек, Дағиман Еламан, Давид Индира, Дәуір Алтынай, Гүлжан Ниханбаева, Ботагөз Ниханбаева, Серік Бейбарыс, Гүлшат Бекишева, Гауһар Әбдіғали, Медет Абусағитов, Әйгерім Жусина, Саламат Мукашев и Гүлайша Аманжол.

Настоящим открытием конкурса стали дебютанты, покоровшие зрителей своим талантом и искренностью исполнения. Среди них — танце-



вальные ансамбли «Тұмар», «Қазына», «Мирас», «Асылым», «Айгөлек», «Art Dance», «Бархат», «Гүлдер», «Этуаль», «Шашу», «Ерке ару», «Нұрай» и «Би әлемі»; вокальные и инструментальные коллективы — трио «Қобыз үні», ансамбли «Алаш әншілері», «Парасат», «Ақмол сазы», «Домбыра дастан», квартет «Күміс әуен», ансамбль домбристов «Назар», а также фольклорные ансамбли «Іңкәр» и «Қоянды сазы». Особую атмосферу создали театр «Ақ шағала», хор школы искусств села Родина, хор офицеров запаса и семейный дуэт «Медет пен Әйгерім».

